

"Қазақстан Республикасының сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі № 903 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 660 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 475 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.08.2017 № 475 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі № 903 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ережеде:

11 және 11-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Егер Комиссияның отырыстарына Комиссия мүшелерінің немесе оларды алмастыратын тұлғалардың жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып саналады.

Комиссияның мүшелері уақытша болмаған жағдайларды (іссапар, демалыс, сырқаттану) қоспағанда, олар отырыстарға алмастыру құқығынсыз қатысады. Мұндай жағдайларда, тиісті мемлекеттік орган айқындаған лауазымды тұлға қатысады.

Комиссия мүшесі өзінің лауазымдық міндеттерін тоқтатқан жағдайда, Комиссия отырысына осы қаулыға тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін оның орнына тағайындалған тұлға қатысады.

11-1. Өкілдері Комиссия құрамына қосылмаған мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін мәселелер қаралған жағдайда, Комиссия отырысына қатысу үшін осы мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарлары шақырылады.";

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің немесе оларды алмастыратын тұлғалардың жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады және Комиссияның төрағасы немесе отырысты өткізген оның орынбасары қол қоятын хаттамамен ресімделеді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2013 жылғы 1 шілдедегі
№ 660 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 903 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамы

Келімбетов

Қайрат - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Немәтұлы

Айтжанова

Жанар - Қазақстан Республикасының Экономикалық интеграция істері министрі, төрағаның орынбасары

Сейдахметқызы

Жақсылықов

Тимур - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, хатшы

Мекешұлы

Рау

Альберт - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі

Павлович

Ақшолақов

Болат Оралұлы - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі

Бектұров

Азат - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі

Ғаббасұлы

Дәленов

Руслан - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Ерболатұлы

Толыбаев

М а р а т
Еркінұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Жұмаділдаев
Ә н у а р
Серкұлұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы

Тен
И г о р ь
Викторович - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті
төрағасының орынбасары

Әкімбекова
А й ж а н
Тәуешқызы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Әлеуметтік-экономикалық мониторинг
бөлімінің консультанты (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК